

**БӘСЕКЕЛЕС АУДАРМАЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ  
(АБСУРД ӘДЕБИЕТІНІҢ АУДАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

\*Алдабергенова А.А.<sup>1</sup>, Зихроллаев Ә.М.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>PhD, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан,  
g-mail: [aiyma.aldabergenova@gmail.com](mailto:aiyma.aldabergenova@gmail.com),

<sup>2</sup>аға оқытушы, Алматы Менеджмент Университеті,  
Алматы, Қазақстан,

e-mail: [e.zikhrollayev@almu.edu.kz](mailto:e.zikhrollayev@almu.edu.kz)

**Аңдатпа.** Ұзақ жылдар бойы көркем мәтіндерді аудару аударма теоретиктері мен практиктері арасында үлкен қызығушылық туғызып келеді. Аударма ғылымы үнемі қозғалыста және даму үстінде, өйткені тілдің лексикалық құрамы үнемі өзгерістер мен жаңартуларға ұшырайды, сондықтан аударма мәселесі әрқашан өзекті болып қала береді. Оның үстіне қазіргі лексика мен тілдік бірлік, дүниені жаңаша қабылдау, өзекті әдебиет аударма барысында қиындықтар туғызады. Ғылыми тұрғыдан алғанда аударма көптігінің пайда болуы заңды және жаңа аудармалардың тұрақты қажеттілігін негіздейді. Қайта аударма негізінен ғылыми немесе техникалық мәтіндерге емес, көркем мәтіндерге жүргізіледі. Ал, абсурд әдебиеті өз кезегінде көркем мәтінге жататындықтан, абсурд әдебиетінің аудармаларын зерттеу және талдау аударма көптігінің пайда болу себебін ашуға көмектеседі.

Зерттеудің мақсаты – абсурд әдебиеті аудармалары негізінде аударма көптігінің пайда болу мәселелерін ашу болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер белгіленді: көркем мәтіндердің аударма көптігінің пайда болу себебін анықтау, абсурд әдебиетінің аудармаларын талдау, абсурд әдебиетінің барабар аудармасына қол жеткізу үшін аударма шешімдерін анықтау.

Зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісі, мәтіннің лингвистикалық ерекшеліктерін сәйкестендіру арқылы дискурсивті талдау жасау әдісі және сипаттау әдісі қолданылды.

Соңғы жылдардағы зерттеулер көрсеткендей, абсурд әдебиетінің аудармасын зерттеу лингвистер, әдебиеттанушылар, филологтар мен аудармашылар үшін үлкен теориялық және практикалық қызығушылық тудырады. Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін аударматану мен филология зерттеулерінде, көркем мәтіндерді аудару курстарын оқыту тәжірибесінде пайдалану мүмкіндігінен көрінеді. Қазақстанда әзірге оқырмандар, тіл мамандары мен аудармашылар арасында абсурд әдебиетіне деген қызығушылық енді байқалып келеді. Осыған байланысты абсурдтың эстетикасы қазақстандық оқырмандар үшін әлі де жаңа және өзекті, сондықтан да абсурд әдебиеті мәтінінің бірнеше аудармасының пайда болуы орынды. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижесі аударма көптігінің негізгі себептері аудармашының түпнұсқа мәтінді дұрыс түсінбеуі, аударма қателері мен тілдік сәйкессіздіктер екендігін анықтау болып табылады.

**Тірек сөздер:** аударматану, аударма көптігі, абсурд әдебиеті, Дж.Хеллер, көркем аударма, түпнұсқа мәтін, аударма мәтіні, аударма трансформациялары

**Негізгі ережелер**

Қазіргі таңда көркем әдебиет мәтіндерін аударуды әртүрлі аспектілерде талдау кеңінен таралған. Алайда, абсурд әдебиеті, көркем мәтіндер тобына жатқанымен, оны аударуды зерттеудің теориялық және қолданбалы аспектілері әлі де жеткіліксіз. Әсіресе абсурд әдебиетінің теориясын зерттеу және оны аударма практикасымен ұштастыру мәдениетаралық коммуникация мен филологиялық парадигмада өте маңызды орын алады. Заманауи мәдениетте абсурд әдебиетін ғылымның әртүрлі бағыттарымен ұштастыра отырып зерттеу және зерттеу нысанына айналдыру оның дискурс аралық феномен дәрежесіне жеткенін растайды.

### Кіріспе

Американдық абсурд әдебиетінің аудармаларын талдау мақалада пәнаралық деңгейде жүзеге асыралатындықтан, көркем аударма теориясы мен практикасы (В.Н. Комиссаров, А.В. Федоров, А.Д. Швейцер, М. Лорие, Н.С. Автономова, Н.К. Гарбовский, О.И. Костикова, С.С. Құнанбаева, А.Қ. Жұмабекова, А.С. Ермағамбетова, Р.З. Загидуллин, М. Lederer, G. Mounin, S. Bussnet, W. Benjamin, E. Nida және т.б.) және батыстың әдебиеттануындағы абсурд теориялары (О.Д. Буренина, Ф. Гиренок, Е.В. Ключев, Д.В.Токарев, М.П. Марусенков, J.-Ph. Jaccar, M. Esslin, D. Seed және т.б.) мәселелерін қамтыған ғалымдардың еңбектерін айта кеткен жөн.

Қазіргі уақытта американдық абсурд әдебиетін ағылшын тілінен орыс тіліне аударуға онша көп практикалық жұмыстар арналмаған, бірақ сонда да А.А. Кистяковскийдің, Е. Ключевтің, Г.Кружковтың, С.Б. Ильиннің және т.б. еңбектерін атап айтуға болады. Олар өз кезегінде Э. Лирді, Дж. Хеллерді, Л. Кэрроллды, Дж.Р.Р. Толкиенді, Дж.К. Роулингті және т.б. еңбектерін аударған.

Жазушы, *Алиса гажайыптар елінде* шығармасының аудармашысы Е. Ключев Afisha Daily басылымына берген сұхбатында ескі шығармалардың жаңа аудармасы не үшін қажет деген сұраққа жауап береді. Оның жауабы қарапайым болды, оқылғанды қайта оқу, аударылғанды қайта аудару жай ғана шығармаға деген сүйіспеншіліктен туындайды. Аударманың адекваттылығы мен сапасы туралы идея әркім үшін әр түрлі болғандықтан, әркімнің өз көзқарасы мен қабылдауы болады [1]. Қазіргі заман жаңа аудармаларды, сонымен қатар жаңа көзқарастар мен тың ойларды қажет етеді.

Е. Ключевтің көзқарасы бойынша көркем шығарманың басты мәні – тіл. Тілдің көмегімен шынайылық жасалады және шынайылық пен қиялдың шекарасы анықталады. Сіз тек тілге сене аласыз. Мәтінді бір тілден екінші тілге көшіре отырып, «мәтінді басқа мәдени дәстүрге көшіре отырып, аударма тілін тізгіндеп, көркемдік тұтастық деп аталатын нәрсені бағындыруға құқық бермеу керек. Әйтпесе, аударма тілі түпнұсқа мәтінді айналдырып, оны басқа бағытта алып кетеді. Ең алдымен, маған дәл осы нәрсемен күресуге тура келді. Әр жаңа үзіндіні үнемі шағын таразыда өлшеп, қайткен жағдайда да Кэрролдан *ақылдырақ* болмауға тырыстым, себебі ол Алисаның *бұрып күлдіргі сөйлегілерің келсе, мені бұған араластырмаңдар* деген ұқсас әрекеттерінің барлығын бірден ескерткен еді [сол жерде]. Шын мәнінде, абсурдты аудару аудармашы үшін біршама қиындықтарды тудырады, өйткені

ол сөз тіркестерін, сарказм мен иронияны ғана емес, одан да көп нәрсені қамтиды.

Абсурд әдебиеті мен оның аудармасына мысалдардың бірі ретінде біз Л. Кэрролдың ең кең тараған *Алиса ғажайыптар елінде* және Дж.Хеллердің «Catch-22» атты шығармаларын мысалға келтіреміз. Ю. Акининаның «Л.Кэррол мысалында абсурд поэзиясының адекватты аудармасы мәселесі» атты ғылыми еңбегінде *Алиса ғажайыптар елінде* шығармасынан «I passed by his garden» өлеңінің бірнеше аудармасы беріліп, абсурд поэзиясын барынша адекватты жеткізетін аударма әдістерін табу мақсатында салыстырылады. Абсурд поэзиясының көркем әдебиеттің басқа салаларынан ерекшелігі – мәтінде логикалық және себеп-салдарлық байланыстардың жоқтығы [2].

Талдау үшін А. Щербакова, В. Набоков, Ю. Нестеренко, Д. Орловская, Н. Стариков, Б.Заходердің аудармалары беріліп, аударманы бағалаудың жалпы өлшемдері айқындалған. Айта кету керек, мұндағы өлшемдер ретінде аударма мәтінде құрылыс пен мазмұнға қатысты қандай да бір функционалдық өзгерістердің болуы/болмауы болып табылады. Оларға мыналар жатады:

- жалқы есімдердің өзгеруі;
- сюжетті ауыстыру;
- стильді дамыту;
- автор интонациясындағы түзетулер;
- тілдік әзілдерді беру;
- құрылысты түрлендіру;
- аударманың айрықша белгілерінің қысқаша қорытындысы [2].

Сонымен, абсурд әдебиетін аударудың ең адекватты әдісі тілдік баламалар мен контекстік аналогтарды іздеу болып табылады, бұл жағдайда ақпаратты дәл беру үшін мәтіннің құрылымы мен мазмұнын сақтау өте маңызды.

Шындығында, бұл тұжырым Н.В. Соболеваның «Ағылшын абсурд поэзиясы: поэтика және аударма мәселелері (Э. Лир шығармашылығы мысалында)» диссертациялық зерттеуіндегі, лимериканы орыс тіліне барабар аудару үшін белгілі бір тұрақты құрылымды (жол саны, сөздер, өлшем және ұйқас) қатаң сақтау керек деген тұжырымдарымен сәйкес келмейді [3].

### **Материалдар мен әдістер**

Американдық абсурд әдебиетінің жарқын өкілдерінің бірі Джозеф Хеллер және оның біз осы мақалада талдайтын «Catch-22» шығармасының аудармалары болып табылады. Дж. Хеллер күлкілі мәтінді жеткізу үшін іс жүзінде барлық тілдік құралдарды және американдық армияның батыл офицерлерінің көптеген жағымсыз қылықтарын пайдаланады. Автор кейде жеңіл иронияны, кейде улы сарказмды басты кейіпкерлердің сөздерімен, іс-әрекетімен ойнай отырып пайдаланады. Әр қаһарманның мінезі мен болып жатқан оқиғаның сандырақтығы әдеби құралдар мен сатира арқылы тамаша ашылады.

## Нәтижелер

Әр жазушының өзіндік стилі болатыны сияқты, әр аудармашының да өзіндік жазу мәнері, сөйлеу мәнері, ақпаратты беру мәнері болады. Егер сүйікті әншіні немесе актерді дауысынан танып, мыңның ішінен ажырату мүмкін болса, дәл солай бір-ақ жолдың көмегімен жазушының немесе аудармашының есімін атауға болады. С. Сухарев «Екі жолбарыс» («Аударма стилі және аудармашының тұлғасы туралы») мақаласында атап өткендей, аударма қаншалықты адекватты ал аудармашы соншалықты объективті болғанымен де, онда қайткен күнде де автордың түпнұсқа стилінің ізі сақталады [4].

Алайда, аудармашы шығармашылығына мәтіннің және автордың өз ықпалының маңызы зор. Э. Карху айтқандай, аударма барысында аудармашылар түпнұсқа мәтінінен өздеріне қажетін алып, эстетикалық жағынан байытады, сол арқылы өз шығармаларында түпнұсқаның ізін қалдырады. Өзгенің көркем дүниесімен таныса отырып, оны өздеріне тән етеді [5]. Бұл жағдайда бұл тәжірибе жас аудармашылардың шығармашылығы үшін өте маңызды, сіз өзіңіз үшін бір нәрсені үйренуге болатын ғибратты сабақ аласыз. Мәтінді жеткізудің адекватты жолдарын табу үшін аудармашыға шығарманың стилін, үнін, тілдік бейнесін білу маңызды, өкінішке орай, бұл әрдайым қолдан келе бермейді.

Құрылымдық талдау жасағанның өзінде көркем мәтіннен адам қатысуын толығымен жою мүмкін емес. Аударманың сәтті болуы, оның өзектілігі, ұзақтылығы мен маңыздылығы аудармашының өзінің көзқарасына, оның таланты мен тұлғасына байланысты.

Аударманың сәтсіздігі мен жетістігі туралы сөз қозғағанда австрияның белгілі аудармашы маманы Э. Прунч «Батыс аударматануының даму жолдары» атты еңбегінде аударманың дұрыс немесе дұрыс еместігі туралы түсінік мүлдем шартты екендігін айтады. Біреу үшін ең дәл және тиімді аударма екіншісі үшін еркіндік сияқты көрінуі мүмкін немесе керісінше. Осыған байланысты аударма сапасын бағалау параметрлері бүкіл мәдени бейне мен саяси контекстті қамтуы керек» [6].

Бұл жағдайда аудармашылар аударманы мақсатты мәдениетке қаншалықты бейімдеу керектігін нақты анықтауы керек.

Егер аударылған мәтін *табиғи* болып көрінсе, біз аударма үрдісі қиын емес, кем дегенде екі тілді білетін әрбір адам аударма алады деген түсінікке үйреніп қалғанбыз. Әлемнің тілдік бейнесімен байланысты қарым-қатынастың этно-сөздік аспектілері ескерілмеген аударма мәтіні *табиғи емес* ретінде қабылданады. Алайда, аударма тек тілдік трансфермен шектеледі, ал аудармаларды оқырман мәдениетіне қаншалықты бейімдеу керек, мұның қажеті бар ма, ол даулы мәселе. Э. Прунчтың пікірінше, пікірталас субъектілері болып табылатын мәтіннен салдарларды алу және оларды белгілі бір аудитория үшін аударма мәтінінде пайдалану керек пе; *аударма және өңдеу* ұғымдары қайшы келе ме деген сұрақтар әлі де ашық күйінде қалады [6, 25 б.].

В.А. Иовенконың «Тағы да аудармадағы аудармашының рөлі және аударматанудағы аудармашы концепциясын дамыту қажеттілігі туралы» мақаласында аудармашы шеберлігінің тағы бір қыры әртүрлі тілдік қауымдастықтардың ұлттық-мәдени және әлеуметтік-тарихи салалардағы дәстүрлерінің айырмашылықтарын бейтараптандыру болып табылады делінген [7]. Аудармашы әрқашан екі рөлде әрекет ететіндіктен: бастапқы тілдегі мәтіннің аудармашысы (БТ) және аударма тіліндегі (АТ) мәтіннің авторы (бірлескен авторы) ретінде, ол аударма мәтінін осы мәтінді қабылдаушылардың әлеуметтік-мәдени ортасы және/немесе ұлттық психологиялық ерекшеліктеріне қарай бейімдейді.

В.А. Иовенконың пайымдауынша, аудармашының қызметі шектеулі, себебі автор жағы рұқсат етілген нәрсенің белгілі бір шекарасын белгілейді, оған сәйкес аудармашы әдейі мағыналық бұрмалауларға, дәлсіздіктерге және коммуникативті тапсырманы негізсіз түсіндіруге; жаңа/қосымша ақпаратты енгізуге, мәтіннің ақпараттық бөліктерін өткізіп жіберуге жол бермеуі керек. Оның үстіне аудармашының түпнұсқа мәтінінің эстетикалық құндылығын, авторлық ниетін, мәтіннің функционалдығын бұзуға құқығы жоқ [7, 10 б.].

### **Талқылау**

Әрбір аудармашы өзінің идеялық-шығармашылық көзқарасына сүйене отырып, түпнұсқадан қандай да бір ауытқушылықты қандай да бір жолмен негіздей алады. Кейде тіпті елеусіз болса да, бір қарағанда ауытқулар басқа стильдік және тұжырымдамалық қабылдауға әкелуі мүмкін. Әр аудармашының өз еншісі бар.

Дегенмен, бұл әрқашан іске аса бермейді. *Шығармашылық еркіндік* деген ұғым бар жерде *цензура* деген ұғым да бар. Аудармашының мәтіні де жазушыныкіндей цензураға ұшырайды. Көбісі мәтін қалай жазылған болса, солай басып шығарғысы келеді. Алайда баспагердің тілектерін талқылауға болады және талқылануы керек. Цензура жазушыны/аудармашыны талғампаздыққа, өз ойын оқырманға жеткізу үшін тілмен шебер жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Оқырман цензураны біле тұра, жолдар арасында жасырын мағыналарды іздейді. Сонымен, қаласаңыз, цензураның жағымды жақтарын таба аласыз. Бірақ, өкінішке орай, мұндай шектеулер шығармашылыққа көп көмектеспейді. Біз қарастырып отырған абсурд әдебиетінің шығармаларында аударманың ең алғашқы нұсқасы «Уловка-22» аудармашы, редактор, корректор тарапынан цензураға ұшырап, аударманың екінші нұсқасының пайда болуына да себепкер болған.

Абсурд әдебиеті көркем мәтін ретінде қарастырылатындықтан, өз кезегінде абсурд әдебиетінің аудармасы тек мәтін интерпретациясын, контексті, мәдениетті, аударма стратегиялары мен шарттарын түсіндіруді ғана емес, сонымен бірге, абсурд әдебиетінің ерекшеліктерін де қамтитын біртұтас үрдіс. Абсурд әдебиетін аудару үшін абсурдқа тән барлық белгілерді қарастырып, барынша адекватты аудармаға қол жеткізу үшін аударма әдістерін біріктіріп қолдану қажет.

Дж. Хеллердің «Catch-22» романы американдық көркем әдебиеттің бестселлерлерінің бірі болды. 1961 жылы шыққан кітап екі рет аударылды, бірінші нұсқасы – «Уловка-22» М. Виленский мен В. Титовтың (1967) аудармасы, екінші нұсқасы – «Поправка-22» А. Кистяковскийдің (1988) аудармасы. Неліктен бірінші нұсқа қолжетімсіз және жариялануын тоқтатты, ал А. Кистяковскийдің аудармасы үлкен сұранысқа ие болды деген сұрақ жұртшылықты қызықтырды.

Айта кететін жайт, ең бірінші аудармасы бір рет қана қайта басылса, екінші аудармасы осы уақытқа дейін 12 басылым болып шықты. Соғыстан кейінгі жылдарда американдықтардың жаңа ұрпағына әсер еткен түпнұсқа романға қысқаша сипаттама беру орынды. «Catch-22» – Америкада алғаш рет 1961 жылы жарық көрген сатиралық роман. Бұл Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде АҚШ-тың бомбалаушы ұшқыштары туралы әңгіме. Романның шығу уақыты Вьетнам соғысының қызу кезеңіне тұспа тұс келді, бұл тіпті оның қабылдануына да әсер етті. Романдағы басты рөл белгілі бір өлімді болдырмаудың ықтимал жолдарын үнемі іздейтін жетекші бомбардир Йоссарианға берілді. Романдағы орыстілді де, американдық оқырманды да біріктіретін нәрсе – мемлекеттік бюрократия алдындағы дәрменсіздік пен қорғансыздық сезімі [8].

Орыс тілімен салыстырғанда «Catch-22» тіркесі ағылшын тілінде кеңінен таралып, сөйлеуде идиома ретінде жиі қолданылады. Сонымен бірге, Дж. Хеллер 1975 жылы берген сұхбатында бұл терминнің мағынасын басқа тілдерде мәнін жоғалтпай дәл жеткізу мүмкін емес деп мәлімдеді. «Catch-22» тіркесі жиі және кеңінен қолданыла бастағаны сонша, Дж. Хеллер кітаптың атауы ретінде кең тараған қалыптасқан сөзді қолданған деп сендіргендер болды.

Зерттеушілер Е.А. Курицын мен З.Г. Прошина жоғары сапалы аударманы анықтау үшін аударманың көптігі жағдайында жасалған бір кітаптың – Т. Пратчеттің *Going Postal* романының кәсіби және әуесқой аудармаларын салыстырады. Осы орайда Е.Л. Лысенков пен Л. Венутидің еңбектеріне сүйене отырып, ғалымдар Е.А. Курицын мен З.Г. Прошина аудармалардың көптігі түпнұсқаның бейнелі және концептуалды әлемін кеңейтетінін, сонымен қатар салыстырылған тілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға көмектесетінін атап өтті. Көптеген аудармалардың өміршендігі олардың алдыңғы мәтіндерден айырмашылығының арқасында негізделеді [9, 109 б.].

Сонымен бірге, Э.Н. Мишуров «Транспәнділік айнасындағы герменевтика-аудармашылық әдістемелік стандарт (IV бөлім: Аударма шешімі)» атты мақаласында Ф. Гюттингердің пікірімен бөліседі, ол бір мәтіннің бірнеше аударма нұсқаларының пайда болу себебіне қатысты үш факторды атап өткен:

- 1) әр түрлі аудармашылардың мәтінді түрліше интерпретациялауы;
- 2) екі тілдегі сәйкес сөздердің мағыналарының сәйкессіздігі;
- 3) аудармашының қол жеткізуге ұмтылған мақсатын таңдауы [10, 17 б.].

Аударылған мәтіндердің қайта аудармасы не үшін қажет деген сұраққа А. Гусейнаевтың «Көркем аударма және біздің қиындықтарымыз»

мақаласынан мысал келтіруге болады: «Адамзат қоғамы тарихының барлық кезеңдерінде құндылықтарды қайта бағалау үздіксіз жүріп отырады. Адамдар өткен заманда жасалған аудармаларға қазіргі заманның көзімен қарайды, кейде өзінен бұрынғылардың классикалық үлгілеріне де көңілі толмай, өзіндік идеялық түсінігін, түпнұсқаға өзіндік эстетикалық түсінігін енгізе отырып, қайта аударды» [11].

Одан әрі автор уақыт пен кеңістік айырмашылығына тоқталып, сол арқылы тілдің ұзақ өміршендігін атап өтеді. Аударма шығармалары өз құндылықтарын жоғалтпай, сонымен қатар әр ұрпақ үшін өз бояуын өзгертіп тұратындай болып, көз алдымызға белгілі бір жаңа күннің аясында пайда болады. Қазіргі заман көнелікке айналады. Тіл үнемі өзгеріп отырады. «Игорев жорығы туралы әңгімені» орысшадан орысшаға қайта аударуы кездейсоқ емес. Қазіргі таңда ХІХ ғасырдың, әсіресе, ХVІІІ ғасырдың ақындарын түсіндірме пікірінсіз түсіне алмаймыз [11, 35 б.].

Аудармалардың сан алуандығы мен жаңа мәтіндердің жандануын сөз еткенде, отандық ақын, аудармашы Ербол Жұмағұловтың сұхбатын айналып өтуге болмайды. Ол «Қара сөздердің» аудармасының өзіндік нұсқасын дайындап жатыр. Оның ойынша бұрынғы нұсқалар сәтсіз болып, ақсақалды ызалы қартқа айналдырды және бұл аудармалардың артында Абайдың өзі көрінбей қалды. Абайдың «Қара сөздері» дүние жүзінің көптеген тілдеріне, соның ішінде өзбек, татар, түрік, ағылшын, қытай, француз және т.б. аударылған. Аудармалардың көпшілігі орыс тіліне жасалған, бірақ ол бұрынғы аудармалардың барлығы бірдей жақсы емес деп санайды.

Е. Жұмағұловтың айтуынша, аудармалар бұрмалауға ұшыраған: аудармашылар өз беттерінше дәлсіздіктерге ғана емес, мағыналық бұрмалауға, түсіндіруге, ойдың өзін емес, идеяның векторын ғана ұстауға тырысқан. Кейбір сөйлемдер толығымен алынып тасталды. Мен үшін бұл тіпті біртүрлі: қазақша нұсқасында сөйлем бар, ал орысшада жоқ. Немесе айқын дәлсіздіктер орын алған. Мысалы, *кең қолтық* тіркесін Санбаев та, Сейсенбаев та, Серікбаева да *широкопный* деп аударған. Сонымен қатар, бұл идиома *бесхитростный* деген мағынаны да білдіреді. Яғни, *кең қолтық* сөзін *широкопный* деп аударып қойғаннан бұрын, идиоманы білмеу бір бөлек. Мұндай мысалдар жеке-дара емес [12].

Біз талдап отырған романның екінші аудармасын 1988 жылы А. Кистяковский жасаған және ол «Поправка-22» деп аталады. Американдық бестселлерді оған қоса бұрын аударылған романды қайта аударуға әркімнің батылы жете бермейді. Ағылшын-американ әдебиетінің орыс аудармашысы отандық көркем аударма мектебінің патриархы В. Голышев айтқандай, аударылған мәтінді қайта аудару – екінші кезектегі мәселе, сенің аудармаң бұрынғылардан жақсы болады деп ойлау үшін адам өзі туралы жоғары пікірде болуы керек [13].

Е. Витковский – ақын-аудармашы, жазушы, әдебиеттанушы, әдеби аударма тарихшысы, алғашқы аударма «Уловка-22» Хеллердің романын бұзды, бірақ Андрей Кистяковский романды қайта аудару арқылы кітапты сақтап қалды, «Поправка-22» жарыққа шықты деп жазды [14].

Т.В. Юдина «Көркем әдебиеттің бәсекелес аудармалары және аудармашының мәдени болмысының проблемасы» атты мақаласында атап көрсеткендей, мәдени трансфердегі аудармашының рөліне тоқтала отырып, көркем аударма авторының әлеуметтік және мәдениетаралық коммуникация үрдісіне қалай үлес қосқанын байқауға болады және сол арқылы ол өз дәуірінің мәдени портретін жасауға қатысады, яғни бұл жағдайда аудармашының өзінің бимәдениеттілігі маңызды рөл атқарады. Мәтіннің жаңа аудармасын жасау арқылы түпнұсқаның жаңа қыры ашылады [15, 42 б.].

### **Қорытынды**

Аударматану әрдайым қалыптасуда, дамуда, қозғалыста. Диахрондық аударма көптігінің өзі ғылыми тұрғыдан алғанда заңды құбылыс және шет тіліндегі түпнұсқаға деген тұрақты сұранысты айғақтайды. Ғылыми немесе техникалық мәтіндерге қарағанда көркем әдебиет мәтіндері көбінесе қайта аударылады. Зерттеу жұмысының нәтижесінде аударма көптігінің пайда болуының бірнеше себептері анықталды: аудармашының түпнұсқа мәтінін дұрыс түсінбеуі (интерпретацияламауы), аударма қателері мен тілдік сәйкессіздіктер.

Қоғам мен аударма саласының мамандары аударманың көптігі құбылысымен көптен бері бетпе-бет келген. Бір шығарманың әртүрлі аудармаларын зерттеу аударманың сапасын салыстыруға көмектесіп қана қоймай, шығарманың өзін әр түрлі көзқараспен қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге көркем әдебиетке әуес, аудармаға құмар оқырмандар өздері де әуесқой аударма жасай алады, бұл аударма көптігінің пайда болуына түрткі болады.

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Афиша Daily «Ни один перевод не окончательнее другого»: зачем выходят новые переводы «Алисы». <https://daily.afisha.ru/brain/8687-ni-odin-perevod-ne-okonchatelnee-drugogo-vyshel-povuyu-perevod-alisy/> Дата обращения: 24.08.2019.

[2] Акинина Ю. Проблема адекватного перевода поэзии абсурда на примере Л.Кэррола. [http://www.researcher.ru/practice/issl\\_work/sh1553/kurs2004/a\\_1kz4ll.html](http://www.researcher.ru/practice/issl_work/sh1553/kurs2004/a_1kz4ll.html) Дата обращения: 24.08.2019.

[3] Соболева Н.В. Английская абсурдная поэзия: проблемы поэтики и перевода (на примере творчества Э.Лира): автореф. дисс. ... канд. филол. наук: 10.01.03. – Екатеринбург, 2008. – 23с.

[4] Сухарев С.Л. (Мурышкин). Два «Тигра» - О переводческом стиле и личности переводчика // Мастерство перевода. – М.: Советский писатель, 1977. – С.296-317.

[5] Карху Э. Постигать оригинал // Мастерство перевода. Сборник десятый. – М.: Советский писатель, 1974. – С.7-13.

[6] Прунч Э. Пути развития западного переводоведения. От языковой асимметрии к политической. / Пер. с нем. — М.: Р.Валент, 2015. – 512 с.

[7] Иовенко В.А. Еще раз о роли переводчика в переводе и о необходимости разработки концепции переводчика в переводоведении // Мосты. – М.: Р.Валент, 2021. – №4 (72). – С.8-15.

[8] Гиздатов Г. Г., Алдабергенова А.А. Дискурсивные интерпретации романа Дж. Хеллера «Поправка-22» в переводческой практике // Критика и семиотика. – 2021. – № 2. – С. 160–177. DOI 10.25205/2307-1737-2021-2-160-177.



[9] Курицын Е. А., Прошина З. Г. Явление переводческой множественности на примере профессионального и любительского переводов романа Г.Пратчетта «Going postal» // Вестник Моск. Ун-та. Сер.19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. – М., 2019. – № 3. – С.107-115.

[10] Мишкuroв Э.Н. Герменевтико-переводческий методологический стандарт в зеркале трансдисциплинарности (часть IV: «Переводческое решение») // Вестник Московского университета, Серия 22. Теория перевода. – М., 2019. – №2. – С.13-36.

[11] Гусейнаев А. Художественный перевод и наши невзгоды // Мастерство перевода. Сборник десятый. – М.: Советский писатель, 1974. – С. 34-47.

[12] Общественно-политическая газета Казахстана «Время». Лично я бы поспорил с Абаем. <https://time.kz/articles/grim/2020/01/08/lichno-ya-by-posporil-s-abaem> дата обращения: 30.01.2020.

[13] Голышев В.П. О художественном переводе текста. [https://www.langust.ru/etc/what\\_trn.shtml](https://www.langust.ru/etc/what_trn.shtml) Дата обращения: 05.01.2022.

[14] Витковский Е. Точность в переводе невозможна. URL: [www.russ.ru/krug/20010521.html](http://www.russ.ru/krug/20010521.html) Дата обращения 26.12.2019.

[15] Юдина Т.В. Конкурирующие переводы художественной литературы и проблема культурной идентичности переводчика // Вестник Московского университета. Серия 22. Теория перевода. – М., 2020. – №1. – С.39-50.

## REFERENCES

[1] Afişa Daily «Ni odin perevod ne okonchatelnee drugogo»: zachem vyhodät novye perevody «Alisy» (No translation is more definitive than another: why are new translations of Alice being published?). <https://daily.afisha.ru/brain/8687-ni-odin-perevod-ne-okonchatelnee-drugogo-vyshel-novyy-perevod-alisy/> Data obraşenia: 24.08.2019. [In Rus.].

[2] Akinina İ. Problema adekvatnogo perevoda poezii absurda na primere L.Kerrola (The problem of adequate translation of absurd poetry using the example of L. Carroll). [http://www.researcher.ru/practice/issl\\_work/sh1553/kurs2004/a\\_1kz4ll.html](http://www.researcher.ru/practice/issl_work/sh1553/kurs2004/a_1kz4ll.html) Data obraşenia: 24.08.2019. [In Rus.].

[3] Soboleva N.V. Anglijskaia absurdnaia poezia: problemy poetiki i perevoda (English absurd poetry: problems of poetics and translation) (na primere tvorcestva E.Lira): avtoref. diss. kand. filol. nauk: 10.01.03. Ekaterinburg, 2008. 23s. [In Rus.].

[4] Suharev S.L. (Muryşkin). Dva «Tigra» -O perevodcheskom stile i lichnosti perevodchika (About the translation style and personality of the translator). //Masterstvo perevoda. M.: Sovetski pisatel, 1977. S.296-317. [In Rus.].

[5] Karhu E. Postigät original (Comprehend the original).//Masterstvo perevoda. Sbornik desätyi. M.: Sovetski pisatel, 1974. S.7-13. [In Rus.].

[6] Prunch E. Puti razvitiia zapadnogo perevodovedeniia. Ot iazykovoi asimetrii k politicheskoi (Ways of development of Western translation studies. From linguistic asymmetry to political). / per. s nem. M.: R.Valent, 2015. 512 s. [In Rus.].

[7] İovenko V.A. Eşe raz o roli perevodchika v perevode i o neobhodimosti razrabotki konsepsii perevodchika v perevodovedenii (Once again about the role of the translator in translation and the need to develop the concept of the translator in translation studies). // Mosty. M.: R.Valent, 2021. №4 (72). S.8-15. [In Rus.].

[8] Gizdatov G.G., Aldabergenova A.A. Diskursivnye interpretasii romana J. Hellera «Popravka-22» v perevodcheskoi praktike (Discursive interpretations of J. Heller's novel “Amendment 22” in translation practice). // Kritika i semiotika. 2021. № 2. S. 160–177. DOI 10.25205/2307-1737-2021-2-160-177. [In Rus.].

[9] Kurisyn E.A., Proşina Z.G. İavlenie perevodcheskoi mnojestvenosti na primere profesionálnogo i lübitelskogo perevodov romana G. Prachetta «Going postal» (The phenomenon of translation plurality on the example of professional and amateur translations of a novel

G.Prachetta “Going postal”).// Vestnik Mosk. Un-ta. Ser.19. Lingvistika i mejkülturnaia komunikasia. M., 2019.– № 3. S.107-115. [In Rus.].

[10] Miškurov E.N. Germenevtiko-perevodcheski metodologicheski standart v zerkale transdisciplinarnosti (Hermeneutic-translational methodological standard in the mirror of transdisciplinarity) (chäst IV: «Perevodcheskoe rešenie»).// Vestnik Moskovskogo universiteta, Seria 22. Teoria perevoda. M., 2019. №2. S.13-36. [In Rus.].

[11] Guseinaev A. Hudojestvennyi perevod i naši nevzгоды (Literary translation and our misfortunes). // Masterstvo perevoda. Sbornik desätyi. M.: Sovetski pisatel, 1974. S. 34-47. [In Rus.].

[12] Obšestvenno-politicheskaia gazeta Kazahstana «Vremä». Lichno ia by posporil s Abaem (Personally, I would argue with Abai). <https://time.kz/articles/grim/2020/01/08/lichno-ya-by-posporil-s-abaem-data-obrašenia:30.01.2020>. [In Rus.].

[13] Golyšev V.P. O hudojestvennom perevode teksta (About literary translation of text). [https://www.langust.ru/etc/what\\_trn.shtml](https://www.langust.ru/etc/what_trn.shtml) data obrašenia: 05.01.2022. [In Rus.].

[14] Vitkovski E. Tochnöst v perevode nevozmojna (Accuracy in translation is impossible). UTL: [www.russ.ru/krug/20010521.html](http://www.russ.ru/krug/20010521.html) data obrašenia 26.12.2019. [In Rus.].

[15] Īudina T.V. Konkuriuiušie perevody hudojestvennoi literatury i problema külturnoi identichnosti perevodchika (Competing translations of fiction and the problem of the translator’s cultural identity). // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seria 22. Teoria perevoda. M., 2020. №1. S.39-50. [In Rus.].

## **ВОПРОСЫ ВОЗНИКНОВЕНИЯ КОНКУРИРУЮЩИХ ПЕРЕВОДОВ (НА ОСНОВЕ ПЕРЕВОДОВ ЛИТЕРАТУРЫ АБСУРДА)**

\*Алдабергенова А.А.<sup>1</sup>, Зихроллаев Э.М.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>PhD, КазУМОиМЯ имени Абылай хана,

Алматы, Казахстан,

g-mail: [aiyma.aldabergenova@gmail.com](mailto:aiyma.aldabergenova@gmail.com),

<sup>2</sup>старший преподаватель, Алматы Менеджмент Университет,

Алматы, Казахстан,

e-mail: [e.zikhrollayev@almu.edu.kz](mailto:e.zikhrollayev@almu.edu.kz)

**Аннотация.** На протяжении многих лет перевод художественного текста вызывает большой интерес среди теоретиков и практиков перевода. Наука о переводе всегда находится в движении и в развитии, так как лексический состав языка все время подвергается изменениям и обновлениям, и отсюда проблема перевода все время остаётся актуальной. Более того, современная лексика и единицы языка, новое восприятие мира, актуальная литература создают сложности при переводе. С научной точки зрения, появление переводной множественности естественно и оправдывает постоянную потребность в новых переводах. Повторному переводу в основном подвергаются художественные тексты, нежели научные или технические тексты. В свою очередь, так как литература абсурда считается художественным текстом, исследование и анализ переводов литературы абсурда поможет раскрыть причину возникновения переводческой множественности.

Целью исследования является раскрытие вопросов появления переводческой множественности на основе переводов литературы абсурда. Для достижения поставленной цели были определены следующие задачи: выявить причину возникновения переводческой множественности художественных текстов, анализировать переводы литературы абсурда, определить переводческие решения для достижения адекватного перевода литературы абсурда.

В ходе исследования были использованы метод сравнительного анализа, метод дискурсивного анализа через идентификацию лингвистических особенностей текста, описательный метод.

Как показывают исследования последних лет, изучение перевода литературы абсурда представляет большой теоретический и практический интерес для лингвистов, литературоведов, филологов и переводчиков. Теоретическая и практическая значимость исследования проявляется в возможности использовать его результаты в переводоведческих и филологических направлениях, в практике преподавания курсов по переводу художественных текстов. В Казахстане в данное время только проявляется интерес к литературе абсурда среди читателей, лингвистов и переводчиков. В связи с этим эстетика абсурда для казахстанских читателей все еще является чем-то новым и актуальным. Основным результатом исследовательской работы является установление того, что основными причинами возникновения переводческой множественности являются неверная интерпретация текста оригинала переводчиком, переводческие ошибки и лингвистические несоответствия.

**Ключевые слова:** переводоведение, переводческая множественность, литература абсурда, Дж.Хеллер, художественный перевод, оригинал текста, текст перевода, переводческие трансформации

## **PROBLEMS OF THE EMERGENCE OF COMPETING TRANSLATIONS (ON THE BASIS OF TRANSLATIONS OF ABSURD LITERATURE)**

\*Aldabergenova A.A.<sup>1</sup>, Zikhrollayev E.M.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>Doctor of Philosophy, Ablai khan KazUIRandWL,  
Almaty, Kazakhstan,

g-mail: [aiyma.aldabergenova@gmail.com](mailto:aiyma.aldabergenova@gmail.com),

<sup>2</sup> Senior language instructor, Almaty Management University,  
Almaty, Kazakhstan,

e-mail: [e.zikhrollayev@almu.edu.kz](mailto:e.zikhrollayev@almu.edu.kz)

**Abstract.** For many years, the translation of a literary text has been of great interest among theorists and practitioners of translation. The science of translation is always in motion and in development, since the lexical composition of the language is constantly undergoing changes and updates, and hence the problem of translation remains relevant all the time. Moreover, modern vocabulary and language units, a new perception of the world, and current literature create difficulties in translation. From a scientific point of view, the emergence of translation diversity is natural and justifies the constant need for new translations. Re-translation is mainly carried out on literary texts, rather than scientific or technical texts. In turn, since the literature of the absurdity is considered as a literary text, the study and analysis of translations of the literature of the absurdity will help to uncover the cause of the translation diversity.

The purpose of the research is to reveal the issues of the emergence of translation diversity on the basis of translations of the absurd literature. The following tasks were identified to achieve this goal: to identify the cause of the emergence of translation diversity of literary texts, to analyze translations of the literature of the absurd, to determine translation solutions to achieve an adequate translation of the absurd literature.

The methods of comparative analysis, discursive analysis through the identification of the linguistic features of the text and descriptive methods were used in the work.

As studies of recent years show, the study of the translation of the literature of the absurdity is of great theoretical and practical interest for linguists, literary critics, philologists and translators. The theoretical and practical significance of the study is manifested in the possibility of using its

results in translation studies and philology, in the practice of teaching courses on the translation of literary texts. Now in Kazakhstan there is only an interest in the literature of the absurdity among readers, linguists and translators. In this regard, the aesthetics of the absurdity for Kazakh readers is still something new and actual. The main result of the research work is to establish that the main causes of translation diversity are incorrect interpretation of the original text by the translator, translation errors and linguistic discrepancies.

**Keywords:** Translation Studies, translation diversity, literature of absurdity, J.Heller, literary translation, source text, target text, translation transformations

*Статья поступила 09.03.2023*